

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына көрсетілетін әлеуметтік көмектің түрлері туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 24 шілдедегі № 6/42 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 21 тамызда № 11-3-139 тіркелді. Күші жойылды - Бейнеу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 қарашадағы № 18/120 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Бейнеу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 қарашадағы № 18/120 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және 1995 жылғы 28 сәуірдегі «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы», 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарына және Бейнеу аудандық мәслихатының 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 49/288 «2012-2014 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11-3-128 тіркелген) шешіміне сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШЕДІ:**

1. Бейнеу ауданы бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына көрсетілетін әлеуметтік көмектердің (бұдан әрі – Көмек) түрлерінің тізілімі, мерзімдігі және мөлшері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Бейнеу аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Б. Омирбеков) Көмекті төлеу бойынша уәкілетті орган болып белгіленсін (келісім бойынша).

3. Мүгедектігіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға тұрғын үй көмегі, тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек, 9 Мамыр – Жеңіс күніне берілетін әлеуметтік көмек, Конституция күніне берілетін әлеуметтік көмек, Халықаралық мүгедектер күніне берілетін әлеуметтік көмек белгіленген мерзімде «Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Маңғыстау облыстық филиалының Бейнеу аудандық бөлімшесінен сұратып алған тізімдер негізінде, алушылардың мекен-жайы бойынша жеке есеп шотына аударылады.

4. Бейнеу аудандық мәслихатының 2010 жылғы 30 қарашадағы 32/193 «Азаматтардың әлеуметтік қорғалатын санаттарына әлеуметтік көмектер жүйесін ретке келтіру туралы» (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 11-3-107, «Рауан» газетінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 6 (1979) санында ресми жарияланған) шешімінің күші жойылған деп танылсын.

5. Осы шешімнің орындалысын бақылау Бейнеу аудандық мәслихатының әлеуметтік қорғау, заңдылық, құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (комиссия төрағасы Н. Хайруллаев) жүктелсін.

6. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Н.Баймұханов

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т

хатшысы

А.Ұлықбанов

«Келісілді»

«Бейнеу аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі
Б . Ө м і р б е к о в

24 шілде 2012 ж

«Бейнеу аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығының орынбасары
Б . Ө з і р х а н о в

24 шілде 2012 ж

Бейнеу аудандық мәслихатының
2012 жылғы 24 шілдедегі
№ 6/42 шешіміне қосымша

Бейнеу ауданы бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына көрсетілетін әлеуметтік көмек түрлерінің тізілімі, мерзімдігі және мөлшері

Ескерту. Қосымшаға толықтырулар енгізілді - Бейнеу аудандық мәслихатының 2012.12.10 № 10/63 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі);

Бюджеттік бағ -	Әлеуметтік көмектердің	Әлеуметтік көмек алушы	әлеуметтік көмек- тің	Төлеу

дарламаның коды	түрлері	азаматтардың санаттары	мөлшері	мерзі-мі және мерзімділігі
010	Үйден оқып және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуге әлеуметтік көмек	Үйден оқып және тәрбиеленетін мүгедек балалар	5 айлық есептік көрсет- кіш	Ай сайын
006	Тұрғын үй көмегі	Мүгедектігіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар	1 айлық есептік көрсет- кіш	Ай сайын
		Аз қамтамасыз етілген отбасылар (азаматтар) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасына сәйкес	Мұқтаждығына қарай	Ай сайын
007	Тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек	Мүгедектігіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар	1,5 айлық есептік көрсет-кіш	Тоқсан сайын
		Асыраушысынан айрылу жағдайына байланысты мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушылар	1,5 айлық есептік көрсет-кіш	Тоқсан сайын
		<p>Білім беру мекемелерінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қаулысымен бекітілген педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдары тізбесіне сәйкес және кітапханашылар. <p>Денсаулық сақтау мекемелерінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қызмет атауына қарамастан дәрігерлер, провизорлар, жоғары медициналық білімінсіз дәрігерлік қызметпен айналысатын адамдар; - қызмет атауына қарамастан орта медициналық және фармацевтік персонал; - дәріхана ұйымдарын қоса алғанда, денсаулық сақтау мекемелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары; - денсаулық сақтау мекемелерінде жұмыс атқаратын тиісті білімі бар педагогтер мен тәрбиешілер. 		

004	<p>Ауылдық жерлерде тұратын әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алу үшін берілетін материалдық көмек</p>	<p>Мәдениет мекемелерінде: - директор, директордың орынбасары, көркемдік жетекші, инженер, қор сақтаушы, сәулетші, директор, хормейстер, балетмейстер, режиссер, негізгі қызмет бойынша бөлімдердің және секторлардың меңгерушілері, негізгі қызмет бойынша бас мамандар, бюролар, зертханалар, шеберханалар, цехтар, жылжымалы көрмелер, секциялар, кабинет меңгерушілері, бас әкімші, кітапханашылар, әдістемешілер, экскурсия жүргізушілер, лекторлар.</p> <p>Халықты әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінде: - әлеуметтік көмек орталықтары бөлімдерінің меңгерушілері, қызметкерлері; - «Бейнеу аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» және «Бейнеу жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемелерінің мемлекеттік және азаматтық қызметкерлері; Ветеринария мекемелерінде: -директор, бас ветеринар дәрігер, ветеринар дәрігер, ветеринар-техник, ветеринар - санитар, эксперт, мал көміндісін қадағалау маманы.</p>	12,1 мың теңге	Жыл сайын
007	<p>Азаматтардың өтініш-арыздары бойынша берілетін біржолғы әлеуметтік көмек</p>	<p>Көмек аз қамтамасыз етілген отбасына және аса мұқтаж азаматтарға өтініш-арыз бойынша күнтізбелік жылда бір реттен жиі емес тағайындалады және олар: - отбасы мүшелерінен біреу қайтыс болған; - қатаң ауырған, операция жасататын, облыс шегінен шығып, емделуге кететін; - зардап шеккен отбасына материалдық шығын келтірген өрт болған; - отбасында немесе азамат басында басқа бақытсыз оқиғалар болған жағдайларда атаулы әлеуметтік көмек</p>	<p>- а з қамтама-сыз етілген отбасыларына 10 (он) айлық есептік көрсеткіш; - аса мұқтаж азаматтарға, отбасы- ларға 24 (жиырма төрт) айлық есептік көрсеткіш</p>	

		тағайындау жөніндегі учаскелік комиссияның шешімімен тағайындалады		Мұқтаж-дығына қарай
007	9 Мамыр – Жеңіс күніне берілетін әлеуметтік көмек	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	100,0 мың теңге	Жыл сайын
		Жеңілдіктері мен кепілдіктері жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар	60,0 мың теңге	
		Жеңілдіктері мен кепілдіктері жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар	50,0 мың теңге	
		Ұлы Отан соғысының қатысушыларының және мүгедектерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлері	40,0 мың теңге	
		Ұлы Отан соғысы жылдары жанқиярлық еңбегі мен тылдағы мінсіз әскери қызметі үшін орден, медальдарімен марапатталған және 1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында 6 айдан кем емес жұмыс істегендер (қызмет еткендер) және тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін орден, медальдарімен марапатталмаған адамдар	10,0 мың теңге	
		Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілгендердің басқа да санаттары, 1988, 1989 жылдары Чернобыль АЭС-дағы апатың зардабын жоюға қатысушылар	20,0 мың теңге	
007	Конституция күніне берілетін әлеуметтік көмек	Асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушылар	2 айлық есептік көрсет- кіш	Жыл сайын
007	Халықаралық мүгедектер күніне берілетін әлеуметтік көмек	Барлық топтағы мүгедектер мен мүгедек балалар	2 айлық есептік көрсет- кіш	Жыл сайын (қазан)
007	Халықаралық қарттар күніне берілетін әлеуметтік көмек	70 жастан асқан жалғызілікті зейнеткерлер	2 айлық есептік көрсеткіш	Жыл сайын (қазан)
007	Жоғары оқу орнындағы оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмек	Облыс әкімінің гранты негізінде білім алушы халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына жататын студенттер	оқу ақысы және ай сайынғы стипен- дия	Оқу ақысы – жыл сайын, стипен-дия – ай сайын

Бейнеу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 24 шілдедегі № 6/42 « Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына көрсетілетін әлеуметтік көмектің түрлері туралы» шешіміне анықтама-негіздеме

№	Көрсетілуі тиіс мәліметтердің тізбесі	Мемлекеттік органның ақпараты
1	Нормативтік құқықтық актіні ұсынатын мемлекеттік орган	Бейнеу аудандық Мәслихаты
2	Нормативтік құқықтық актінің тиісті нормасына сүйене отырып, нормативтік құқықтық актіні қабылдау қажеттілігі (мемлекеттік органның құзыреті)	Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңның 20 бабы, 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 97 бабы, 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңның 6 бабы, 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңның 16 бабы
3	Нормативтік құқықтық актіні қабылдау қажеттілігінің негізі (нақты мақсаттары, себептері және акт неге байланысты қабылданды)	Аз қамтамасыз етілген отбасыларды (азаматтарды) қолдау мақсатында
4	Осы мәселе бойынша бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілер және нормативтік құқықтық актіні қабылдауға байланысты олардың өзгергені немесе күші жойылды деп танылғаны туралы мәліметтер	Бұрын қабылданған жоқ.
5	Осы мәселе бойынша бұрын қабылданған, оларды мемлекеттік тіркеуден бас тартылған немесе олардың жойылғандығы туралы актілердің реквизиттерін көрсете отырып заң сараптамасын өткізбей кері қайтарылған нормативтік құқықтық актілер туралы мәліметтер	Мәлімет жоқ
6	Осы нормативтік құқықтық акт республикалық немесе жергілікті бюджет шығыстарының көбеюін немесе түсімдердің қысқаруын көздей ме	Жергілікті бюджет шығыстарының көбеюін көздейді
7	Нормативтік құқықтық актіні мүдделі мемлекеттік органдармен келісу туралы мәлімет	«Бейнеу аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығымен, «Бейнеу аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығының орынбасарымен келісілді.
8	Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер жобаларының интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы мәліметтер	Маңғыстау облысы әкімдігінің http://www.mangystau.kz/ сайтында жарияланды
	Сараптамалық қорытындыларды ұсынбаған кәсіпкерлердің аккредиттелген бірлестіктерінің	

9	тізімі (жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын актілер үшін)	Мәлімет жоқ
---	---	-------------

А у д а н д ы қ
х а т ш ы с ы

А. Улукбанов

М ә с л и х а т

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК